

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
02.02.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 02.02.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бірінші мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Қарашөкеев Ербол Шырақпайұлына беріледі.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында қарастырылған негізгі өзгерістер мен толықтыруларға тоқтап кетуге рұқсат етіңіздер.

Заң жобасын дайындаудың мақсаты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және нарықтық экономика жағдайында асыл тұқымды мал шаруашылығы саласының тиімді жұмыс жасауына жағдай жасайтын, заманауи нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру және асыл тұқымды мал шаруашылығындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру болып табылады.

Одан басқа заң жобасымен қолданыстағы асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамадағы қарама-қайшылықтар, олқылықтар мен коллизияларды жою қарастырылады.

Заң жобасы келесі негізгі өзгерістер мен толықтыруларды көздейді.

Тұжырымдамалық аппараттағы терминдер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімге сәйкес келтірілуде. Бұл Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізу кезінде келісілген агроөнеркәсіптік саясатты іске асыруға мүмкіндік береді.

10-бапта Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығының жүйесі республикалық палаталар, бонитерлер,

ұрықтандырушы техниктер, эмбриондарды транспланттау жөніндегі мамандар, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен толықтырылады.

Елімізде мал шаруашылығында оң өзгерістерге жету үшін өсіріп отырған мал тұқымдарының генетикалық әлеует деңгейін көтеру және республикада мал өнімділігі деңгейін жоғарылату мен мал басы санының өсу қарқынын жеделдету бойынша селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді жетілдіру қажет.

Қолданыстағы малдың генетикалық әлеуетін жоғарылату бойынша әдістер мен тәсілдер осы уақытқа дейін біз күткендегідей нәтижеге қол жеткізбеді, осыған байланысты 13-бапта уәкілетті органның құзыреттері келесімен толықтырылады:

1) жануарларды индекстік бағалау қағидаларын даярлау және бекіту. Индекстік бағалауды енгізу мал иесіне жануардың пайдалы белгілерін дамытуға қажет. Мысалы, етті мал шаруашылығында төлдің туылғандағы және енесінен айырғандағы тірілей салмағы, ал сүтті мал шаруашылығында төлдеудің жеңілдігі және тағы басқа;

2) жануарларға молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу қағидаларын даярлау және бекіту. Молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу асыл тұқымды малдың шығу тегін нақты анықтауға ақпарат береді;

3) геномдық бағалау жүргізу қағидаларын даярлау және бекіту. Геномдық бағалауды енгізу малдың асыл тұқымдылығын ерте жаста анықтауға, жануарларды күтіп-бағу шығындарын азайтуға, аталықтарды сұрыптау қарқынын жоғарлату арқылы бағалауға ең мықтыларын қоюға, әрбір тұқым бойынша тиімділікті және генетикалық прогресті арттыруға мүмкіндік береді.

Заң жобасының 16-5-бабында ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының құзыреттерін күшейту қарастырылып отыр. Аталған ұйымдар уәкілетті органмен бірлесіп жаңа нормативтік құқықтық актілерді даярлауға және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ақпараттық жүйелердің жұмысын жүргізуді қамтамасыз етуге қатысатын болады.

Сонымен бірге жаңа 21-1 «Молекулярлық генетикалық сараптама» бабы қарастырылуда. Аталған бапта молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу кезіндегі негізгі ережелер, тапсырыс берушінің және мамандандырылған зертхананың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

Одан басқа, молекулярлық генетикалық сараптаманың орындаушыларын заңды негізде бекіту үшін «мамандандырылған зертхана» деген жаңа ұғым енгізілуде.

Заң жобасының 28-3-бабында асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы республикалық палаталардың қызметтерін реттеу мақсатында заң жобасымен республикалық палаталардың құзыреттері нақтыланады және кеңейтіледі. Мәселен, республикалық палата мүшелерін шақыру, республикалық палата мүшелерінің кезектен тыс жиналысын өткізуге жинау

және республикалық палата төрағасының өкілеттік мерзімдері заң негізінде анықталынады.

Республикалық палатаның атқарушы органына асыл тұқымды малдардың реестрін жүргізу және оның мәліметтерін асыл тұқымды малдардың республикалық реестріне қосу үшін уәкілетті органға ұсыну мүмкіндігі берілуде.

Сонымен қатар заң жобасымен Мәжілісте жұмыс істеу кезінде депутаттармен заң жобасының ережелерін жетілдіруге бағытталған бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олардың кейбіреулеріне қысқаша тоқталып кетуге рұқсат етіңіздер.

Мәселен, заң жобасының жаңашылдығының бірі асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында профилактикалық бақылау жүргізудің ерекшеліктерін регламенттеу болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес келтіріліп отыр.

Мемлекеттік бақылаудың бұл түрі субъектіге бармай-ақ бұзушылықтарды уақтылы болдырмауға және жол бермеуге мүмкіндік береді және ең бастысы бақылау субъектілеріне өз бетінше уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік жасайды.

Заң жобасының тағы бір жаңашылдығы асыл тұқымды орталықтарға ұрық сатып алу мүмкіндігі беріліп отыр. Ол қажетті генотиптегі аталықтарды алу үшін тапсырыс бойынша шағылыстыру жұмыстары мақсатында пайдаланатын болады.

Одан басқа, республикалық палаталардың ұсыныстары бойынша және жануарлардың тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жақсарту мақсатында заң жобасымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жаңадан алынған ұрық және эмбриондарды пайдалануға мүмкіндік ашып отырмыз.

Сонымен қатар «екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал» түсінігінің жаңа редакциясы жазылды, оған сәйкес екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара малдың да асыл тұқымды күәліктерінде әкелік бас жағынан деректері мен қатар аналық бас жағынан да деректерді көрсету қарастырылып отыр.

Аталған редакцияны қабылдау Еуразиялық одақ мемлекеттеріне мүше елдердің заңнамалық базасын унификациялау үшін өте маңызды.

Жалпы, қарастырылып жатқан заң жобасындағы барлық қабылданып жатқан түзетулер өсіріліп отырған мал тұқымдарының генетикалық әлеуетінің деңгейін арттыруға, асыл тұқымды селекциялық жұмыстардың сапасын жетілдіруге, асыл тұқымды мал басы санының өсімін жеделдетуге және республикадағы жануарлардың өнімділік деңгейлерін арттыруға бағытталған.

Баяндамамды аяқтап, депутаттық корпусына өз атымнан, Ауыл шаруашылығы министрлігінің атынан үлкен ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ербол Шырақбайұлы! 2021 жылғы наурызда Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарлары мен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімді ратификациялады. Осы келісімнің бірқатар ережелері бүгін қаралып отырған заң жобасында көрініс тапты.

Еуразиялық экономикалық одақ аясында асыл тұқымдық жұмысты одан әрі үйлестіру үшін Қазақстанға етті бағыттағы асыл тұқымды ірі малды бірінші және екінші санатқа бөлу бойынша қолданыстағы тәсілді қайта қарау ұсынылды.

Осыған орай депутаттар ұғымдар анықтамасына екінші санаттағы асыл тұқымды ірі малға арналған асыл тұқымдық куәліктерде аталық жағынан да, аналық жағынан да тегінің үш қатары жөніндегі ақпаратты көрсету бойынша өзгерістер енгізді.

Осыған байланысты Сіздің министрліктің ұстанымы қандай? Осыны түсіндіріп беріңізші. Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Әмірхан Мұратбекұлы.

Ауыл шаруашылығы министрлігі негізі осы өзгерісті толықтай қолдайды.

Біріншіден, жаңа баяндамада айтып кеткенімдей, бұл Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының біздің алдымызға қойып жатқан сұрақтардың бәрін жабуға көмектеседі. Себебі біріздендіру болады, Еуразиялық экономикалық одақта бірыңғай терминдер болады.

Екіншіден, ол Қазақстанның мал шаруашылығында өз үлесін қосады, сапасын көтереді. Еуразиялық экономикалық одақтың ішінде Қазақстанның алғашқы ең заманауи терминдері болады. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы өзгерісті толық қолдап отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Ербол Шырақпаевич! Законопроектом, согласно пояснительной записке Правительства, якобы в целях дальнейшего регулирования племенного дела, а также для того, чтобы упростить деятельность субъектов предпринимательства в сфере племенного животноводства, предполагалось исключение уведомительного порядка их деятельности. Вместе с тем депутатский корпус с таким подходом не согласился.

Дело в том, что племенное животноводство – это достаточно специфическая и сложная сфера деятельности. Кроме того, там необходимо обеспечить качественное оказание услуг субъектами племенного животноводства.

Поэтому депутатский корпус посчитал необходимым сохранить действующий уведомительный порядок деятельности субъектов в сфере племенного животноводства, причем как для юридических, так и для физических лиц.

В связи с этим скажите, пожалуйста, какая позиция Вашего министерства по данному вопросу? Спасибо.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Спасибо за вопрос, уважаемая Екатерина Васильевна.

Министерство сельского хозяйства полностью поддерживает сохранение профилактического контроля.

Уважаемые депутаты, члены Комитета по аграрным вопросам помнят, когда меня согласовывали в качестве Министра сельского хозяйства, я сразу выразил позицию, что профилактический контроль надо оставлять.

Профилактический контроль нам нужен для того, чтобы повышать качество, учитывая большую техническую работу, большие предъявляемые требования к палатам. Это позволяет Министерству сельского хозяйства реализовывать единую государственную политику, направленную на повышение животноводства. Поэтому на 100 процентов поддерживаем и благодарим депутатский корпус за эти изменения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рамазанова Ләззат Керімқұлқызына беріледі.

РАМАЗАНОВА Л.К. Благодарю, Ерлан Жаканович.

Мой вопрос, наверное, в продолжение предыдущего выступления.

Для развития в целом селекции и племенного дела в животноводстве законопроектом предусматриваются нормы по осуществлению геномной оценки животных и проведению молекулярной генетической экспертизы. Хорошие позиции. Вместе с тем проведение молекулярно-геномной экспертизы позволяет на ранней стадии отбирать перспективных особей для дальнейшего воспроизводства стада и получать приплод (желательно с селекционными параметрами), а также на ранней стадии определять достоверность происхождения животного и выявлять его генетические аномалии.

Вместе с тем для проведения данных работ необходимо наличие соответствующей достаточно серьезной материально-технической базы и высококвалифицированных кадров.

В связи с этим у меня к Вам несколько вопросов:

1. Имеются ли в Казахстане соответствующие организации, которые отвечают требованиям международных стандартов и вышеуказанным требованиям, которые в проекте закона предусматриваются?

2. Не окажется ли сильной финансовая нагрузка на простых сельхозтоваропроизводителей? Не вырастет ли цена этих услуг?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Большое спасибо за вопросы, Лаззат Керимкуловна.

Действительно, нововведение в том, что мы вносим изменения по осуществлению геномной оценки животных.

Во-первых, я хотел бы сказать по материально-технической базе. У нас, действительно, есть материально-техническая база, есть институты, которые этим занимаются, в частности, Казахстанский институт животноводства и кормопроизводства, ряд университетов, Национальный центр биотехнологии, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет Жангир хана, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Костанайский Государственный университет имени Байтурсынова. Также у нас есть ряд частных компаний, ТОО.

Сейчас стоимость услуг будет составлять примерно 12-15 тысяч тенге, но, учитывая, что мы законом делаем базу, будет появляться спрос, а также у нас существует конкуренция, я уверен, стоимость этих услуг по закону рынка должна снижаться. Все мы знаем, ПЦР-тесты начинались с большой стоимостью, потом она начала снижаться.

Что касается нагрузки наших сельхозтоваропроизводителей. Я сейчас сказал, что мы делим наш племенной скот на категории. В принципе, сами сельхозтоваропроизводители понимают необходимость всех манипуляций, всех услуг. Это сторицей воздастся в повышении продуктивности, привеса и результатов животноводства в целом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Осин Шамиль Абзалетдиновичке беріледі.

ОСИН Ш.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Ербол Шырақпаевич! Не секрет, что в настоящее время львиная доля государственной поддержки и льготного кредитования в сфере агропромышленного комплекса, на которую за пять лет направлено около 2 триллионов тенге, была предоставлена крупным сельхозформированиям. При этом основная часть сельхозпродукции по-прежнему производится мелкими сельхозформированиями и личными подсобными хозяйствами, вклад которых в ВВП сельского хозяйства составляет более 70 процентов.

В своем Послании народу Казахстана в сентябре прошлого года Глава государства Касым-Жомарт Токаев поручил пересмотреть и стабилизировать механизмы субсидирования в АПК, чтобы они в полной мере были доступны и малым, и средним хозяйствам.

В этой связи у меня следующие вопросы:

1. Какие меры планируются Вашим министерством по совершенствованию механизмов субсидирования в области животноводства?

2. Будет ли расширен доступ средним и мелким животноводческим хозяйствам к государственной поддержке, будут ли включены в число получателей такой поддержки личные подсобные хозяйства?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Уважаемый Шамиль Абзалетдинович, большое спасибо за вопросы.

Да, действительно, сейчас на повестке дня Министерства сельского хозяйства остро стоит вопрос реформирования системы субсидирования.

Я, как Министр сельского хозяйства, хотел бы ответить, что в том, что сейчас выявляются большие объемы нарушений, вина не наших сельхозтоваропроизводителей, в этом наша вина, то есть тех, кто пишет эти законы и все правила. Поэтому в рамках реформы субсидирования мы сейчас подготовили новую единую систему субсидирования в сельском хозяйстве.

Во-первых, она будет абсолютно бесплатной в отличие от ныне существующей.

Во-вторых, мы в этой системе путем интеграции со всеми базами данных хотим максимально снизить количество справок, которые наш сельхозтоваропроизводитель носит, ему некогда эти справки готовить.

В-третьих, мы вводим понятие «реестр налогоплательщиков». Прежде чем подать заявку, ты должен зарегистрироваться, а мы должны проверить по ОКЭД, количество твоего скота, который у тебя есть, правильно ли ты подал заявку.

В этой связи эта система, я считаю, должна снять очень много проблем и нарушений, которые допускаются сейчас в системе субсидирования.

Что касается качества самой системы субсидирования, то здесь моя позиция такова, что система субсидирования должна быть равнодоступной для всех категорий. Зачастую у категории мелких хозяйств, которые занимаются именно мясным животноводством, чем меньше поголовья (я знаю депутатов Комитета по аграрным вопросам, которые все хорошо знают), тем меньше рентабельность. Зачастую они все убыточные.

Здесь очень важно для нас, чтобы эта система была доступна для всех, но также важно, чтобы мы здесь поставили понятные критерии. Эти критерии должны быть легко контролируемые. И мы просто так субсидии не должны давать, мы должны ставить четкие встречные обязательства. Это увеличение качества.

Я приведу пример. Допустим, увеличение качества выхода телят, неснижение маточного поголовья и увеличение продукции, которую выпускают, поставки мяса. Вот на этих принципах мы сейчас готовим... Вчера было большое совещание с участием Касым-Жомарта Кемелевича по вопросам коррупции. Я там тоже доложил по этим вопросам. Мы до конца марта (сейчас создали большую группу, обсуждаем с регионами, сельхозтоваропроизводителями) эту систему закончим, представим в Администрацию Президента и будем внедрять. Большое спасибо.

ТӨРАҒА. Келесі сөз Төлепберген Мейрамбек Мылтықбайұлына беріледі.

ТӨЛЕПБЕРГЕН М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Менің сұрағым асыл тұқымды құс шаруашылығын дамытуға қатысты.

Қазақстан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының алты түрі, оның ішінде құс еті бойынша импортқа тәуелді екені белгілі.

Мұның себептерінің бірі – өнімділік сипаттамалары жақсартылған отандық асыл тұқымды құстың болмауы. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер оны импорттауға мәжбүр болады.

Осыған дейін парламенттік тыңдау мен үкіметтік сағаттарды өткізу барысында депутаттар саланың тиімділігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу институттарының өзіміздің асыл тұқымды құсты өсіріп шығаруы, инновациялар мен ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізуі арқылы құс шаруашылығы саласын дамыту қажеттілігі туралы мәселені бірнеше рет көтерген болатын. Алайда бұл мәселелер бүгін қаралып отырған заң жобасында көрініс таппады.

Осыған байланысты депутаттардың жоғарыда аталған ұсыныстары бойынша министрлік қандай жұмыс атқарғанын айтып берсеңіз. Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Мейрамбек Мылтықбайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің ішінде біз құс еті өнімдері бойынша импортқа тәуелдіміз. Біз құс еті өнімінің көлемін ұлғайтудың рөлін түсініп отырмыз, сондықтан сол салаға қаражат жіберіп отырмыз. 2021 жылы Қазақстан бойынша жеті құс фабрикасын іске қостық, олар 70 мың тоннаға жуық құс етін өндіретін болады. Оған 40 миллиардтай теңге инвестиция бағытталды, шамамен 500 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілді.

Біз құс етін өндіру саласын дамытамыз деп отырмыз, сондықтан біздің алдымызда тұрған ең басты міндет – құс фабрикаларын ата-енелік табынмен қамтамасыз ету, репродукторларды соғу. Біз қазір инвесторлармен келіссөздер жүргізіп жатырмыз, біраз жоспарлар бар, соны іске асыруға талпынамыз. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Келесі сөз Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Сіздің министрліктің деректері бойынша соңғы үш жылда жеке және заңды тұлғаларға «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңның нормаларын бұзғаны үшін 4 мың 500-ден астам ұсынымдар мен нұсқамалар берілген екен.

Осыған орай асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы бұзушылықтардың уақытылы жолын кесу және оларға жол бермеу мақсатында депутаттар уәкілетті орган ведомствосының бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыруы бойынша түзетулер енгізді.

Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Министрлік осы қосымша функцияларды орындауға дайын ба? Сіздерде бұл үшін ресурстар мен мамандар жеткілікті ме? Рақмет.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Ауыл шаруашылығы министрлігінде агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті бар, онда мемлекеттік инспекторлар бар. Жана айтып кеткенімдей, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне бармай

сырттан, яғни деректер базасын қараймыз, басқа да ақпараттарды сараптайтын боламыз. Жұмыстың бәрі көбіне кабинетте жасалады, оны атқаратын мамандар бар, ресурстар жеткілікті, ол жұмыстарды қажетті деңгейде сапалы атқарамыз деп сендіремін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Оспанов Берік Серікұлына беріледі.

ОСПАНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! В соответствии с законодательством к субъектам в области племенного животноводства относятся в том числе и республиканские палаты, которые регулируют вопросы присвоения статуса племенных животных, выдачи племенных свидетельств, а также учета племенных животных. Указанные функции были ранее им делегированы Министерством сельского хозяйства в рамках дерегулирования племенного дела. В настоящее время в республике действует порядка 36 соответствующих палат по племенному животноводству.

Вместе с тем в экспертном сообществе развернулись дискуссии вокруг вопросов, связанных с критериями создания республиканских палат по различным видам сельскохозяйственных животных.

В этой связи депутатами внесены поправки, направленные на определение критериев и их формирование. К примеру, республиканские палаты в птицеводстве и пчеловодстве предполагается создавать по одной на каждый вид животного.

С учетом изложенного прошу Вас высказать позицию министерства по поправкам, внесенным депутатами.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Большое спасибо за вопрос.

Уважаемый Берик Серикович! Министерство сельского хозяйства полностью поддерживает внесенные поправки уважаемых депутатов.

Наша позиция следующая. По пчеловодству и производству птицы, мы считаем, должно быть по одной палате, а по овцеводству и направлениям производительности можно создавать несколько палат. Мы считаем, что именно такой подход приведет к тому, что эти палаты будут наиболее эффективно выполнять работу по повышению эффективности в целом этих направлений.

Я скажу, почему считаю, что по птицеводству одна палата должна быть. У нас есть бойцовые птицы, очень много разных видов птиц. Если сейчас мы примем решение проводить разные палаты, то их экспертные ресурсы будут распыляться. Лучше иметь одну палату по пчеловодству, одну палату по птицеводству, по овцеводству, то есть по направлению продуктивности. Большое спасибо за вопрос.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Келесі сөз Абасов Қайнар Бегалыұлына беріледі.

АБАСОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Соңғы жылдары барлық селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар негізінен импорттық асыл тұқымды мал сатып

алумен байланысты жүргізілді, оны сатып алуға және жеткізуге қыруар қаражат жұмсалды.

Шетелден сатып алынатын мал көбінесе жергілікті климатқа бейімделмеген, оның үстіне еліміздің аумағында бұрын кездеспеген жануарлардың түрлі жұқпалы ауруларын жеткізуші болуы да мүмкін.

Бұдан басқа, тиісті жемшөп базасының болмауына байланысты мұндай малдың өлу және оның өнімділігі төмендеген жағдайлары байқалды. Ал ұлтымыздың игілігі мен брендiне айналған қазақтың Ақбас сиыры, Әуликөл тұқымы сияқты отандық тұқымдар назардан тыс қалып, дамуда кенже қалып отыр.

Осыған байланысты менің сұрағым бар. Аталған отандық мал тұқымдарын дамыту үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Сұрағыңызға рақмет, Қайнар Бегалыұлы.

Қазіргі таңда бізде Ақбас асыл тұқымды ірі қара малдың саны 393 мыңға жетті. Әуликөл тұқымы 57 мыңға жетіп отыр. Қазақстандағы барлық асыл тұқымды ірі қара малдың саны 978, осы жылдың сәуір айында 1 миллионнан асырамыз деп отырмыз. Оның 65 пайызы өзіміздің қазақтың ежелден келе жатқан тұқымдары болып табылады. Осы цифрдың өзі-ақ Ақбас және Әуликөл тұқымдары еліміздің ауа райы жағдайларына, жемшөп жағдайларына тиімді екенін көрсетіп отыр.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша палаталарға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсету бойынша қомақты субсидиялар беріліп жатыр. Геррефорд палатасы болсын, Ақбас палатасы болсын, Әуликөл палатасы болсын, олардың барлығына қолдау көрсетуіміз керек. Біреуіне шектеу қойып, екіншісіне сен көбірек аласың дей алмаймыз. Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан олардың маңыздылығын түсініп, Ақбас, Әуликөл палаталарын тыңдап, қандай проблемалары бар екенін біліп отырамыз.

Бір мысал келтіре кетейін. Ақбас палатасының атқарушы директоры менің штаттан тыс кеңесшім. Оны мен министр болып келгенде тағайындадым, ол маған үнемі проблемаларын айтып отырады. Басқа палаталармен де кездесіп тұрамын. Ол жұмысты біз жалғастыратын боламыз, дамытамыз. Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Құрметті әріптестер, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда, Ербол Шырақпайұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Бүгін сыпайы сұрақтарға сыпайы жауаптар берілді.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі депутат Үйсiмбаев Асқарбек Съезбекұлына беріледі.

ҮЙСІМБАЕВ А.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленген және қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қазіргі заманғы нормативтік құқықтық база құруға бағытталған.

Заң жобасында ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар республикада асыл тұқымдық істі одан әрі қайта реттеумен, асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің қызметін жүзеге асыру тәсілдерін өзгертумен, тұтастай алғанда, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты жетілдірумен, ауыл шаруашылығы малының генетикалық әлеуетінің деңгейін арттырумен байланысты болып отыр.

Заң жобасын қарау барысында Мәжіліс депутаттары заң жобасының негізгі ережелерін нақтылауға бағытталған бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Осылайша, жұмыс тобы заңды тұлғалармен қатар жеке тұлғалар үшін де хабарлама жасау тәртібі түрінде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы барлық субъектілер үшін асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметінде мемлекеттік реттеуді сақтау туралы шешім қабылдады.

Бұдан басқа, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заң әлемдік практикада кең таралған малға геномдық бағалауды жүзеге асыру нормаларымен толықтырылды.

Бұл әдіс табынның өсімін одан әрі молайту және қажетті селекциялық өлшемдерге ие төл алу үшін перспективалық дарақтарды ерте кезеңде іріктеп алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ бонитирлеу, индекстік бағалау, ұрпағының сапасы бойынша бағалау, өз өнімділігі бойынша бағалау сияқты асыл тұқымды малдарды бағалаудың өзге де түрлеріне қатысты ережелер нақтыланды.

Осы айтылғандармен қатар заң жобасында асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу мақсатында қабылданған алдын алу тетігі көзделген. Осылайша, уәкілетті орган ведомствосының бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Сондай-ақ заң жобасы:

уәкілетті органға молекулярлық генетикалық сараптаманы жүзеге асыратын мамандандырылған зертханаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу мен бекіту және оларды техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу құзыретін беруге;

асыл тұқымды малдарды есепке алумен қатар, селекциялық процеске тартылған малдарды есепке алуды жүзеге асыру;

ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми ұйымдардың қызметін кеңейту;

республикалық палаталар қызметінің тәртібін жетілдіруге қатысты тұжырымдамалық нормалармен де толықтырылады.

Мәжілістің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді. Жұмыс тобының жиырма бір отырысы өткізілді. Онда мемлекеттік органдар, үкіметтік емес сектор, ғылыми ұйымдар өкілдерінің, сарапшылар мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қатысуымен 200-ден астам түзету жан-жақты қаралды.

Баяндалғанды ескере отырып, Аграрлық мәселелер жөніндегі комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда, құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Соңғы уақытта әлемдік селекцияда ауыл шаруашылығы малдарының асыл тұқымдық құндылығын бағалаудың жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты айтарлықтай өзгерістер болып жатыр.

Мұндай жағдайда өзінің жоғары сапалы асыл тұқымдық өнімін алу бойынша әлемнің жетекші елдерінен қалып қойғанымыз жасырын емес. Осы бағыттағы жұмысты жақсарту, фермерлік шаруашылықтарды өнімді тұқыммен қамтамасыз ету Қазақстан үшін басым міндеттер болып табылады. Мысалы, мал шаруашылығы дамыған елдер қазірдің өзінде шынында үздік асыл тұқымды малды іріктеу және өсіру үшін геномдық селекция жүйесін әзірлеп, өндіріске енгізіп үлгерді.

Ғалымдардың пікірінше, геномдық селекцияның осындай заманауи әдісін жүйелі негізде енгізу тек сүтті мал шаруашылығында ғана селекцияның нәтижесін бес есе – жылына 40 килограммнан 200 килограммға дейін арттыруды қамтамасыз етеді екен. Ал тұқымдық бұқаларға бағалау ісін және оларды бағу шығындарын төрт есе азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгін қаралып отырған заң жобасында молекулярлық генетикалық сараптама, геномдық бағалау, асыл тұқымды малдарды төлдердің сапасы бойынша және өз өнімділігі бойынша бағалау сияқты асыл тұқымды малдарға әралуан бағалау түрлерін жүргізу бойынша түзетулер көзделген.

Бағалаудың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалану отандық мал өсірушілерге өнімділігінің өлшемдері жақсартылған асыл тұқымды өнім мен асыл тұқымды материал алуға, мал басы санының өсу қарқынын жеделдетуге, шетелдік асыл тұқымды өнім өндірушілермен бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ұсынылған заң жобасының қажеттілігі айқын және баршаңызды оны қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Еліміз, халқымыз үшін мал шаруашылығы саласы елдің экономикалық және әлеуметтік өмірінде ерекше орын алатын дәстүрлі атакәсіп болып табылады.

Мал шаруашылығын сапалы жаңа деңгейге көтеру арқылы біз үлкен нәтижеге қол жеткіземіз, өйткені бұл саланы дамыту ел экономикасының сабақтас салалары мен бағыттарын дамытудың локомотиві. Бұл ең алдымен құрама жем, биологиялық және қайта өңдеу өнеркәсібі.

Сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігі нығайып, агросектордың экспорттық әлеуеті артады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы малының өнімділігін ұлғайтудың негізі болып табылатын асыл тұқымдық іс ерекше рөл атқарады.

Заң жобасымен енгізілетін өзгерістер асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға оң әсерін тигізеді және малдың генетикалық әлеуетінің деңгейін арттыруға толық мүмкіндік береді.

Сонымен қатар толыққанды жемшөп базасын құру, ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тұрақты түрде мемлекеттік қолдау және саланы ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету жұмысын күшейту қажет.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Менің Аграрлық мәселелер комитетіне бір ұсынысым бар.

Кеше Президентте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша үлкен жиын болды. Сонда Президент тарапынан да, агенттік тарапынан да Ауыл шаруашылығы министрлігіне үлкен сын айтылды. Бұл жерде жылдардан келе жатқан жемқорлық бар, ол бірінші кезекте субсидияға байланысты.

Ол неліктен болды? Біріншіден, ол, әрине, жергілікті жерлердегі лауазымды тұлғалардың қолдарының таза еместігінен. Екіншіден, біздің заңдардың соған тосқауыл болуға жеткіліксіздігінен. Бүгін қойылған сұрақтардың ішінде сол мәселе де бола ма деп күтіп едім, өкінішке орай, болмады. Енді екінші оқылымда талқылаған кезде ол жағдайларды қайталамау үшін заңдық жағынан қандай тосқауыл қоюға болатынын комитет министрлікпен бірлесіп қарау керек деп ойлаймын. Бұл менің комитетке депутат ретіндегі ұсынысым.

Кешегі Президент көтерген, агенттік көтерген мәселені комитет талқылау керек, яғни сондай жағдайға жеткізбеу үшін тағы қандай шаралар қолдану қажет.

Егер елмен хабарларыңыз болса, бұл мәселе аудандардың барлығында қызу талқылануда. Осы мәселе бойынша қазір көптеген адамдар түрмеде отыр. Министр менің сөзімді дәлелдейді, солай ғой? Ол енді Сіздің кезіңізде ғана

емес, бұл қаншама жылдан бері келе жатқан, әбден тамырын тереңге жайып, үрдіс болып кеткен. Сондықтан бұл менің депутат ретінде сіздерге ұсынысым. Комитет министрлікпен бірге екінші оқылымға дейін жақсылап талқылап, қажет болса, сондай тосқауыл қоятын ұсыныстар енгізісін.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.



Дұрыс! Бұғаннан кейін қандағандар ету бойынша сектор меңгерушісі Майя Н. Шақтыбаева.